

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту
министрінің 2022 жылғы
5 желтоқсандағы № 486 бұйрығының
1,2,3,4,5-қосымшалары бойынша жасалынды

**Алматы облысы білім басқармасының Қарасай ауданы
бойынша білім бөлімі мемлекеттік мекемесінің
ЖШС «Нур-Раян-1» «AIZARA» балабақшасы**

**Білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы
және өткізуі**

**Алматы облысы білім басқармасының Қарасай ауданы
бойынша білім бөлімі мемлекеттік мекемесінің
ЖШС «Нур-Раян-1» «AIZARA» балабақшасы**

**білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы және
өткізуінің
МАЗМҰНЫ**

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы:

- бұйрық *(Балабақшаны өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы)*
- білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет

2. Кадрлық құрамға талдау:

- педагогтардың сапалық құрамы (2-қосымшаға сәйкес)

3. Тәрбиеленушілер контингенті:

- бағаланатын кезең үшін тәрбиеленушілер контингентінің қозғалысы (3- қосымшаға сәйкес)

4. Оқу –әдістемелік жұмыс.

Бағаланатын кезең үшін:

- оқу жоспары;
- өз білімін жетілдіру жоспары;
- перспективті жоспар мен циклограммалар.

5. Оқу-материалдық активтер. (4-қосымша)

6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры. (5-қосымша)

7. Тәрбиеленушілердің білімін бағалау.

Алматы облысы білім басқармасының Қарасай ауданы бойынша білім бөліміне қарасты ЖШС «Нур-Раян-1» «AIZARA» балабақшасының өзіндік бағалау нәтижесінің қорытындысы

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

Алматы облысы білім басқармасының Қарасай ауданы бойынша білім бөліміне қарасты **ЖШС «Нур-Раян-1» «AIZARA»_балабақшасының** заңды мекен жайы – **050065**, Қазақстан Республикасы, **Алматы қаласы, Дархан мөлтекауданы, Қуаншбаев көшесі 35.**

Балабақша құрылтайшысы – Билалова Айнур Арипжановна

Балабақша меңгерушісі- Билалова Айнур Арипжановна

Телефон- 87016377292

Электрондық пошта- tanek_22_93@mail.ru

Ғимарат түрі – 2 қабатты.

Жоба қуаттылығы (орын)- 80

Оқыту тілі - қазақ тілі

Жалпы көлемі - 440.

Топтар саны -4

Сэс қорытындысы: № А .01 .X.KZ36VWF00045585 30.07.2021 жыл

МЕД КАБИНЕТ ЛИЦЕНЗИЯ: 17014395 14.08.2017 жыл

Техникалық паспорт: 6.202074 05.08.2015жыл

Жер кадастр нөмері: 20:321:003:556:1

Каинбаева Н.Т. №1 бұйрығымен 2020 жылы 14 қаңтар күні балабақша басшысы ретінде тағайындалды.

Өзіндік бағалау барысында мекеменің ішкі тәртібінің іс-әрекеттерін анықтайтын төмендегідей құрылтайшы құжаттары ұсынылды:

- ✓ Заңды тұлғаны қызметке тағайындау туралы бұйрықтың **№ 1 – 14 қаңтар 2017 жыл.**
- ✓ Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары: балабақша жарғысы бар, БСН **170140012723** заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі **2017 жылдың 17 қаңтар** айында берілген.
- ✓ Рұқсаттар. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыруды бастау туралы хабарламаны қабылдау туралы талон. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Алматы қаласы Білім саласындағы бақылау департаменті, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2022 жылғы 11 қараша қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы
- ✓ **№ KZ90RVK00042032 30.11.2022 ж** хабарлама.

1.1. Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы және өткізуін балабақшаның **01.07.2025 жыл №57 бұйрығы негізінде** құрылған комиссия жүргізді. Комиссия төрағасы балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын жалпы жоспарлай отырып, оған басшылықты жүзеге асырды. Төраға бағалау өлшемшарттарына сәйкес балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша нақты тапсырмаларды комиссия мүшелеріне бөлді.

1.2. Балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу жөніндегі педагогикалық кеңесті барлық профилактикалық бақылау жүргізудің жоспарланған мерзіміне дейін балабақша топтарының көлеміне қарай бір ай бұрын ұйымдастырылды.

01.07.2025 жыл күні **№5 кезектен тыс педагогикалық кеңес** өткізіліп, педагогикалық ұжым Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен таныстырылды.

Қазіргі таңда балабақшада **4 топ** жұмыс істейді. НОБД есебі бойынша **80 бала** тәрбиеленуде. Балабақша тәулік бойы, аптасына 5 күн (дүйсенбі-жұма), сағ.**7.30-18.30 дейін** жұмыс істейтін балабақшасы болып табылады. Сенбі, жексенбі-демалыс күндер. Балабақшада әдістемелік кабинет, медициналық кабинет, музыка залы мен дене шынықтыру залы (ортақ), ашық ойын алаңы, балалардың жас ерекшелігіне сай жабдықталған. Сондай-ақ асхана жыл бойы қызмет атқарады. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 09.07.2021 жылғы № ҚР ДСМ-59 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» бойынша санитарлық қағидалары мен нормаларына сәйкес, балабақша ауласында балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты қажетті құрал-жабдықтарымен қамтылған серуен алаңдары бар. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасалған: тактильді индикаторлар, дыбыс күшейтетін жабдық.

Педагогикалық ұжымының жұмысы Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес ұйымдастырылды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны:

-Перспективалық жоспар <https://nur-rayan-1.kz/>

-Циклограмма <https://nur-rayan-1.kz/>;

-Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледі (бастапқы қыркүйек айында, аралық-қаңтар айында, қорытынды-мамыр айында).

<https://nur-ayan-1.kz/>

Балалар үшін оқулықтар, дидактикалық, мазмұндық-рөлдік ойындар мен кимылды және ұлттық ойындар арқылы балалардың қызығушылығын, логикалық ойлауын шығармашылығын дамытамыз. Мектепке дейінгі ұйымның ауласына экологиялық микроклимат құру үшін көгалдандыру мақсатында гүлді алаңқайлар отырғызылған. Балабақшаның медициналық бөлмесі керекті жабдықтармен қамтамасыз етілген. <https://nur-ayan-1.kz/> Қызмет көрсету сапасы жоғары дәрежеде. Балабақшада тазалық-гигиеналық жұмыстар оң жолға қойылған. Күн тәртібі және балалардың тамақтану барысы үнемі сақталып отырады. Жұқпалы ауруларды болдырмау үшін сауықтыру-шынықтыру жұмыстары жоспарлы түрде жүргізіледі. Емдік жұмыстары балабақша медбикесінің нұсқауымен жүргізіледі.

Балаларға жыл бойы «С» витаминін тағамға қосып, жемістер мен жеміс-жидек шырындарын беру үнемі жүргізіліп тұрады. Медбике балабақшада сауықтыру-шынықтыру жұмыстары бойынша бақылау жүргізіп отырады. Балабақша тәрбиеленушілер ұйқыдан кейінгі шынықтыру шараларын ауыз қуысын тұзды сумен шайқау, майтабандылыққа арналған жолақшаларымен күнделікті шынықтыру шараларын жасайды. Ата-аналарға да аурудың алдын-алу үшін пайдалы кеңестер, брашуркалар мезгілге сай беріліп отырылады. Қызметкерлер уақытылы медициналық тексеруден өткізіліп отырылады.

Балабақшада оқу тәрбие жұмысын жақсартуда педагогикалық кеңестер, семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізіліп тұрады. Жас мамандармен кеңестерді жан-жақты қызықты өткізумен қатар заман талабына сай құнды пікірлер айтылады. Педагогтармен әдістемелік жұмыстың әртүрлі формалары үнемі ұйымдастырылып тұрады. Ұйымдастырылған іс-әрекетінде мультимедия, бейнематериалдар қолданылады. Балабақша ата-аналармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейді. Топтар заман талабына сай әдістемелік кітаптармен және ойыншықтар, сонымен қоса заттық-кеңістіктік дамытушы орталар, Денсаулық сақтау технологиясымен жабдықталған.

Балабақша қажетті мамандармен қамтылған. Қызметкерлерді жұмысқа қабылдарда төмендегідей құжаттар талап етіледі.

Қызметкерлердің құжаттары:

- ✓ Еңбек келісім шарты;
- ✓ Еңбек кітапшасы;
- ✓ Жеке тұлға қағазы;
- ✓ Диплом көшірмесі;
- ✓ Жеке куәлік көшірмесі;
- ✓ Санитарлық кітапшасы;

- ✓ Сотталмағаны туралы анықтама;
- ✓ Дәрігерлік-әлеуметтік саулық наркологиялық орталықтан анықтама;
- ✓ Психикалық сауықтыру орталығынан анықтама;
- ✓ Медициналық анықтама 0075

2. Кадрлық құрамға талдау

2.1. Балабақшада барлығы **6 педагог** жұмыс жасайды.

Педагогтердің қызметтік лауазымы бойынша:

2.2. меңгеруші – әдіскер -1, музыка жетекшісі – 1, тәрбиешілер – 4.

Педагогтердің біліктілік санаты бойынша: педагог-сарапшы-0, модератор– 2.

Балабақша педагогтерінің тиісті бейіні бойынша (қайта даярлауды растайтын куәлікті қоса есептегенде) - 1 педагог (мектепке дейнгі).

Балабақша педагогтерінің біліктілік санаты бойынша: балабақша педагогтерінің тиісті бейіні, қайта даярлауды растайтын куәлігі, біліктілік санаты туралы мәліметтер білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымның №2 қосымшасының кестесіне сәйкес толтырылып, басшының қолымен және білім беру ұйымының мөрімен расталып <https://nur-ayan-1.kz/> Сонымен қатар, педагогтердің құжаттарының көшірмесі қоса берілді. <https://nur-ayan-1.kz/> ұсынылды.

2.3. Бағаланатын кезең үшін педагогтердің штаттық кестесі <https://nur-ayan-1.kz/>

1. Тәрбиеленушілер контингенті туралы ақпарат

3.1.Балабақшада **4 топ жұмыс істейді.**

2022-2023 оқу жылында			Бала саны
1	«Ботақан»	Ортаңғы топ	20
2	«Солнышко»	Ересек топ	20
3	«Балдырған»	Мектепалды даярлық топ	20
4	«Балпан»	Кіші тобы	20
2023-2024 оқу жылында			
1	«Ботақан»	Ортаңғы топ	25
2	«Солнышко»	Ересек топ	25
3	«Балдырған»	Мектепалды топ	25
4	«Балпан»	Кіші тобы	20
2024-2025 оқу жылында			
1	«Ботақан»	Ортаңғы топ	25
2	«Солнышко»	Ересек топ	25
3	«Балдырған»	Мектепалды тобы	25
4	«Балпан»	Кіші тобы	20

3.2.Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар сақталған.
1- сыныпқа тәрбиеленушіні қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламаларын игеру мерзімі сақталған.

4. Оқу әдістемелік жұмыс

4.1. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар бойынша атқарылған жұмыстар (№486 бұйрықтың 1-параграф 9-тармағының тармақшаларына сәйкес ұсынылды)

1) 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарының құжаттары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 1-қосымшаға сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкес жасалды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Мектепке дейінгі білім беру департаменті ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі» 1-қосымшасына ҚР Оқу-ағарту министрінің 29.10.2024 ж. № 319 бұйрығымен(<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020317>) өзгерістер енгізілгеніне байланысты перспективалық жоспар және циклограммаларға өзгерістер енгізілді; **Қосымша 2**

2. 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі әзірлеген «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша жұмыс арнайы жоспар негізінде жұмыс жүргізілді. Жұмыс жоспары жылдық жоспарында көрсетілген және циклограммада БТБ деп қысқартылып көрсетілген. **Қосымша 1**

3. Қазақстан республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаттын ұсынысы негізінде орта білім беру ұйымдарымен өзара іс-әрекетті нығайту мақсатымен мектеппен келісім шарт жасалып іс-шаралар жоспары екі жақты бекітілді. Аталған материал балабақша жылдық жоспарында көрсетілген.

4. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 бағаланатын кезеңге:

- Күн тәртібі <https://nur-ayan-1.kz/> ұсынылды;
- Перспективалық жоспарлар <https://nur-ayan-1.kz/> циклограммалар ұсынылды;
- Балабақшаның оқу жоспары <https://nur-ayan-1.kz/> ұсынылды;
- Балабақшаның жылдық жоспарында барлық педагогикалық ұжымның оқу жылында жасайтын, ата-аналарды жұмысқа тарту және мектеппен

бірлесе жұмыс жасау бойынша әрекеттерін жетілдіруге көмектесетін нақты міндеттерді шешуге бағытталған <https://nur-ayan-1.kz/> ұсынылды.

- Ұйымдастырылған оқу қызметінің апталық жүктемесі <https://nur-ayan-1.kz/> ұсынылды;

4.2. Бағаланатын кезең үшін жоғарыда көрсетілген құжаттар білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымға сәйкес жасақталып, басшының қолымен және білім беру ұйымының мөрімен расталып ұсынылды. <https://nur-ayan-1.kz/>

5. Оқу-материалдық базалар туралы ақпарат

5.1. Балабақша типі **2 қабатты** ғимарат. **2017 жылдың 14 қаңтар** айында қолданысқа берілді. Жоба қуаттылығы **80 орын**. Ағымдағы жөндеу жұмыстары жазғы маусымда жүргізіліп тұрады. Күрделі жөндеуді қажет етпейді.

5.2. Балабақша ғимараты Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрықтың талабына сәйкес жабдықтар және жиһаздармен жарақтандырылған. Жиһаз және жабдықтармен қамтылу туралы ақпарат білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымның 4-қосымшаға сәйкес жасақталып, басшының қолымен және білім беру ұйымының мөрімен расталып ұсынылды. <https://nur-ayan-1.kz/>

1. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

6.1. Балабақшаның оқу – әдістемелік кешендер тізбесі №5 қосымшаға сәйкес жасалып, ұсынылды. (<https://nur-ayan-1.kz/> ұсынылды)

7. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

7.1. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылы үшін балалардың даму мониторингісінің бастапқы, аралық, қорытынды нәтижелері мен даму карталары <https://nur-ayan-1.kz/> ұсынылды.

7.2. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелері жасалынды. Тәрбиеленушілердің жеке даму карталарының көшірмелері қоса берілді. (<https://nur-ayan-1.kz/>);

ЖШС «**Нұр-Раян-1**» «**AIZARA**»

балабақшасының меңгерушісі

Каинбаева Н.Т.



**Алматы облысы білім басқармасының Қарасай ауданы бойынша білім
бөлімі мемлекеттік мекемесінің**

ЖШС «Нұр-Раян-1» «AIZARA» балабақшасы

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының

1-қосымшасына сәйкес

Бағалау парағы

р/с №	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	100 %	5
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей)үлесі	37,5 %	2
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	75%	2
4	Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы	95 %	4
5	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін	95%	4

	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау		
6	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету	95 %	4
7	Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)	100 %	5

